



# Жаңа ағаш жаршысы



№6 (9893)

21 қаңтар,

сенбі

2023 жыл

Газет  
1934 жылғы  
10 қаңтардан  
бастап шығады.

## Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Парламент Мәжілісі және мәслихат депутаттарының кезектен тыс сайлауын тағайындау туралы мәлімдемесі



### Құрметті отандастар!

Мен Конституцияға сәйкес, Парламент палаталарының төрағаларымен, Премьер-Министрмен кеңесіп, Мәжілісті тарту және мәслихаттардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы Жарлықтарға қол қойдым. Депутаттарға белсенді әрі жемісті жұмысы үшін алғыс айтамын. Мәжіліс пен мәслихат депутаттары еліміздегі ауқымды реформаларды іске асыруға барынша атсалысты. Олар сайлаушылармен жиі кездесу өткізді. Шалғайдағы елді мекендерге барды. Сондай-ақ жұртты толғандырған өзекті мәселелерді көтеріп, қоғамдық пікірталасқа ұйытқы болды.

Жаңадан сайланатын депутаттар да жұмысты осы қарқынмен жалғастырып, еліміздің жан-жақты жаңғыруына ерекше үлес қосады деп сенемін. Мәжілістің кезектен тыс сайлауы 2023 жылғы 19 наурызда өтеді. Барлық деңгейдегі мәслихаттардың сайлауын Орталық сайлау комиссиясы белгіледі.

Өздеріңізге мәлім, мен былтыр күздегі Жолдауымда Мәжіліс пен мәслихаттар сайлауы осы жылдың бірінші жартысында

болатынын жарияладым. Яғни, бұл бастама айтылған сәттен сайлауға дейін жарты жылдан астам уақыт өтеді. Тәуелсіздік жылдарында сайлауға дайындалу үшін кандидаттар мен саяси партияларға осыншама көп уақыт берілген емес.

Мәжілістің және мәслихаттардың кезектен тыс сайлауы – конституциялық реформаның жалғасы. Былтырғы референдумда халқымыз бұл реформаға қолдау білдірді. Соның нәтижесінде еліміз өкілді билікті жаңа, әділ әрі ашық бәсекеге жол ашатын қағида бойынша жасақтауға көшті.

Енді Мәжіліс депутаттарының 70 пайызы партиялық тізім арқылы, ал қалған 30 пайызы бір мандатты округтерден сайланады. Облыстар мен республикалық маңызы бар қалалардағы мәслихат депутаттары да аралас жүйе бойынша сайланады. Депутаттардың 50 пайызы бір мандаттық жүйе арқылы, 50 пайызы партиялық тізім бойынша өтеді. Ал аудан және облыстық маңызы бар қалалардағы мәслихат сайлауында азаматтар бір мандатты округтерден шыққан кандидаттарға дауыс береді.

Осылайша, Мәжіліс пен мәслихаттар жаңа үлгі бойынша жасақталады. Сонда сайлаушылардың мүддесі жалпыұлттық және аймақтық деңгейде толық қорғалады. Өкілді билікке түрлі көзқарастағы азаматтардың келуіне мүмкіндік туады. Азаматтық қоғамның одан әрі дамуына айтарлықтай жағдай жасалады.

Конституциялық реформа аясында саяси партияларды тіркеу рәсімі жеңілдетілді. Атап айтқанда, партия мүшелерінің санына қатысты талап өзгерді. Оның төменгі шегі төрт есе төмендеп, 20 мыңнан 5 мыңға дейін азайды. Партиялардың әр аймақтағы өкілдерінің саны кемінде 600 адам болуға тиіс еді, ал қазір 200 адамға дейін төмендеді. Осы және басқа да жүйелі шаралардың нәтижесінде елімізде көп уақыттан бері алғаш рет бірнеше жаңа саяси партия тіркелді.

Сонымен бірге сайлау бюллетеніне «бәріне қарсымын» деген бағананы енгізіліп өте маңызды шешім болды. Партиялардың Мәжіліске өтуіне қажетті дауыстың төменгі шегі 7-ден 5 пайызға дейін азайды. Бұл да – елімізді

демократияландыру жолындағы айрықша мәні бар қадам. Сайлау үдерісіне қоғамның түрлі өкілдерін барынша тарту үшін заңнамаға басқа да тың өзгерістер енгізілді. Мысалы, депутаттық мандаттың 30 пайызын әйелдерге, жастарға және ерекше қажеттілігі бар азаматтарға бөлу заң жүзінде бекітілді. Мұның бәрі саяси бәсекені күшейтеді, саяси жүйенің ашықтығын қамтамасыз етеді. Сондай-ақ саясаткерлердің жаңа буынының қалыптасуына жол ашады.

Сайлау науқанын ұйымдастыру және оны өткізу ісінде аумақтық сайлау комиссиялары маңызды рөл атқарады. Енді облыстық сайлау комиссиялары кәсіби түрде тұрақты жұмыс істейді. Бұл шешім сайлауға қатысты іс-шаралардың сапалы атқарылуын қамтамасыз етеді.

Алдағы сайлаудың заңға сәйкес өтуіне, әділ әрі ашық болуына қатаң бақылау жасалады. Бұған Орталық сайлау комиссиясы және Бас прокуратура жауапты. Сайлау науқанын отандық және халықаралық байқаушылар жіті қадағалайды. Осы тұста азаматтарымыздың байқаушы ретінде белсенділік танытуы маңызды. Заңға сай барлық кандидат пен партияның бұқаралық ақпарат құралдарына шығуына бірдей мүмкіндік беріледі. Осы сайлау науқаны еліміздегі саяси мәдениеттің жоғары екенін айқын көрсетіп, қоғамымызды ұйыстыра түседі деп сенемін.

Біз дамудың жаңа дәуіріне қадам бастық. Қазақстанда қарқынды және жан-жақты жаңару үдерісі жүріп жатыр. Бұл сайлау қоғамдағы өзгерістердің көрініс ретінде саяси жүйеміздің одан әрі жаңғыруына зор ықпалын тигізеді. Қазір әлемде дәл осындай ауқымды өзгерістерді қолға алған мемлекеттер көп емес.

Мәжіліс пен мәслихаттар сайлауы мемлекеттік билік институттарын жаңғырту жұмыстарының қорытынды кезеңі болмақ. Осылайша, «Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» қағидаты толық іске асады.

Біз бір ел, бір халық болып, Әділетті Қазақстанды құрып жатырмыз. Осы жолда түрлі сын-қатерді еңсеріп, көптеген маңызды міндетті бірге атқаруымыз керек.

Мен баршаңызды азаматтық жауапкершілік танытып, Мәжіліс пен мәслихат сайлауына белсене қатысуға шақырамын.

### Аймақ жаңалықтары

**Аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаевтың тапсырмасы бойынша облыс әкімінің орынбасары Мархабат Жайымбетовтың төрағалығымен өткен мәжілісте республикалық және облыстық маңызы бар жолдардың, сондай-ақ магистралдық теміржол бойында орналасқан нысандардың санитарлық тазалық мәселесі талқыланды. Жиынға «ҚазАвтоЖол» және «Қазақстан темір жолы» АҚ облыстық филиал басшылары, секторлық байланыс арқылы Қызылорда қаласы мен аудан әкімдері қатысты.**

## Тазалыққа тұрақты бақылау қажет

Мархабат Жайымбетұлы санитарлық тазалық мәселесі аймақ басшысының тұрақты бақылауында екенін атап өтті.

– Бүгінде «Батыс Еуропа-Батыс Қытай» автодәлізі, теміржол бойында орналасқан халық пайдаланатын объектілердің санитарлық тазалық мәселесі өзекті болуда. Бұл бойынша облыс әкімі тарапынан бірқатар сын ескертпелер айтылды. Өздеріңіз білесіздер, «Батыс Еуропа-Батыс Қытай» автодәлізі – Еуропа елдерінен Қытайға баратын оңтайлы және ірі көлік дәлізі. Қазіргі таңда осы жол арқылы тәулігіне 10 мыңнан аса автокөлік қатынайды. Сонымен қатар облыс аумағынан өтетін магистралдық теміржол желісі арқылы айына 500-ге жуық жолаушылар пойызы өтеді. Сондықтан бірінші кезекте осы жол бойында орналасқан және халық тұтынатын нысандар, көлік инфрақұрылымдары күнделікті тазалықты қажет етеді, – деді Мархабат Жайымбетов.

Жиын барысында «ҚазАвтоЖол» және «Қазақстан темір жолы» АҚ облыстық филиал басшылары мен қала, аудан әкімдері магистралдық жолдар мен жол бойындағы нысандардың тазалығын қамтамасыз ету бойынша жүргізілген жұмыстарды баяндап, алдағы уақытта аймақ басшысының сын-ескертпелері жойылатынын жеткізді.

Мәжілісті қорытындылаған облыс әкімінің орынбасары «ҚазАвтоЖол» АҚ облыстық филиалы, аудан және Қызылорда қаласы әкімдіктеріне тиісті аумақтағы республикалық және жергілікті маңызы бар жолдардың бойында орналасқан жалпы пайдаланымдағы нысандар мен көлік объектілерінің санитарлық тазалығы күнделікті қамтамасыз етуі және «Қазақстан темір жолы» АҚ облыстық филиалы басшыларына магистралдық темір жол желісі бойы, теміржол станциялары мен вокзалдарды және олардың аумақтарының санитарлық тазалығын тұрақты негізде қамтамасыз етіп, вокзал кешеніндегі сауда орындары, перрондар, демалыс алаңдары, қоқыс жәшіктері күнделікті тазалауды және вокзал ғимараттары мен сауда орындарының сыртқы келбеттерін ретке келтіруді тапсырды.

«ЖЖ» ақпарат

## Құндылығын қорғайтын ел қартын құрметтейді

Қариясын қадірлеп, құрмет көрсетуден қазақтың алдына ешқандай ұлт түсе алмай келеді. Бұл ешқандай да әсіреңкізгіл сөз емес. «Қариясы бар үйдің қазынасы бар, қартын болса, жазылып қойған хатпен тең» деген аталы сөздер бүгін айтылған жоқ, бұрынғылардан қалған. Одан бөлек көше Бұқарбай батыр ауылында өткен тағалымды шарадан қазақ үшін қариялардың рөлі ерекше екенін, қадірменді қарттардың орны қашанда терде болатынына көз жеткіздік.



Ие, Бұқарбай батыр ауылының халқы тоқсан жасқа және сексен жасқа толған бес бірдей қариясын сахна теріне шығарып, құрмет көрсетті, мерейтойларын жоғары деңгейде атап өтті.

Бұқарбай батыр ауылдық клубында өткен «Қарттарға құрмет – ұрпаққа міндет» атты салтанатты шараға аудан әкімі Асқарбек Есжанов, аудандық мәслихат хатшысы Гүлзат Құрманбаева, облыстық ардагерлер кеңесі төрағасының орынбасары Әмірбек Шәменов, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Садық Әлиев, аудандық билер кеңесінің төрағасы Кенжеғарға Сүлейменов және басқа да алыс-жақыннан арнайы шақырылған мәртебелі қонақтар мен ауыл тұрғындары қатысты. Атап айтсақ, биыл тоқсан жасқа шыққан Шарипов Мовлади, сексенге толған Дәдікбай Төреқұлов, Серікбай Жайлаубаев сынды ақсақалдарымызды және Күләйша Әбдіқалиева, Аманжол Жайлаубаева сынды ақжұлақты аналарымызды елі құрметтеп, сахна терінен орын берді.

– Ардақты ағайын! Бүгінгі шараның мәні тек үлкенді сыйлаумен немесе ұрпақ тарбиесімен ғана шектелмейді. Бұл тағалымды кездесуіміздің ұлттымыздың, жас ұрпақтың келешегі үшін маңызы зор. Халқымызда ежелден келе жатқан «үлкенге құрмет, кішіге ізет» деген жаксы сөз бар. Бұл бәрін келе ұлтымыздың айнымас қағидасы болып қалыптасты. Ал қазірге осы қағида ұлттық құндылығымызға айналып отыр. Оның анық нышаны – қарттарды сыйлау, қарияларды құрметтеу.

Бүгін алды тоқсанға, соңы сексенге толып және сол мерейлі жастарын қауғалаған халқының ортасында атап өтіп жатқан әкелеріміз бен аналарымыздың өмір жолы бізге үлгі, өнеге. Бұл кісілердің барлығы да өткен ғасырдың отыз-қырықшы жылдары дүниеге келіп, соғыс зардабын шеккең, жоқшылық тақсиретін тартқан, қиыншылық көрген өмірлері өскікке толы ұрпақтың өкілдері. Бала болып ойнайтын кезеңде ересектермен бірге білек түріп, таңнан кешке дейін қара жұмысқа жетпіді. Майданға көткен өкпенің жолын тосып, ананың қабағына қарайлап, қолғабыс қылды. Жылпал қайырды, бірақ шаттанып, күлген жоқ, аш, жалаңаш қалды, бірақ өлген жоқ. Алла аман сақтап, осы күнге жеткізді. Мүмкін осы отырған әкелеріміз бен аналарымыздың өткен өмірі арқылы, олардың басына берген ауыр сынақтары арқылы бүгінгі ұрпақтарымыз мына біздерге ой салып, таубемізді өсімізге түсіріп тұрғысы келген шығар. Біз және көлер ұрпақ бұл кісілерге қарыздармыз. Сондықтан бүгін төрге шығып отырған қарттарымызды қалай ардақтап, қандай құрмет көрсетсек те жарасады.

Кеңес кезеңіндегі өткен еңбектеріңізді және сол жолда көрген бейнеттеріңізді айтпағанда, тәуелсіздіктен кейінгі өгемен ел болып қалыптасу кезеңінде Қазақстанның әлеуметтік, экономикалық өсіп-өркендеуіне сүбелі үлес қостыңыздар. Алдымызда өздеріңіздің бағдаршам барда кейінгі ұрпақ жолынан адаспайды.

Мен аудан халқының атынан сіздерді шын жүрегіммен құттықтаймын. Отбастарыңызға пейілдеріңізбен береке, ырыс үйіріп, нәмерешелеріңіз қызығын көріңіздер! Ел ішінің бірлігі, бүтіндігі, берекесі өздеріңізбен сақталып тұр. Сіздерге Алла мықты денсаулық, ұзақ ғұмыр берсін, – деді аудан әкімі Асқарбек Темірбекұлы.

Шара барысында аудан басшысы мерейтой иелеріне аудан әкімінің Құттықтау хатын табыстап, халқымыздың жөн-жоралғысымен сый-сияпат жасап, құшақтарын гүлге толтырды.

Сонымен бірге салтанатты шарада облыстық ардагерлер кеңесі төрағасының орынбасары Әмірбек Шәменов, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Садық Әлиев және Бұқарбай батыр ауылдық ардагерлер кеңесінің төрағасы Қабыланбек Нұрмағанбетов сөз алып, мерейтой иелеріне жылы лебізін арнады.

– Бүгін ерекше күн. Бұл тек осы батыр ауылының ғана қуанышы емес, бүкіл ауданның мәртебесі. Өйткені бүгін сахна теріне шығып отырған аға-апаларымыз тек осы ауыл үшін ғана қызмет қылып, еңбек еткен жоқ, ауданымыздың дамуы, өркендеуі жолында тер төкті және өздеріне артылған жауапты жұмыстарды үлкен абыроймен атқарып, кейінгіге үлгі болды. Оның арғы жағында Ұлы Отан соғысы жылдарында бала болса да қабырғасы қайыса жүріп, үлкендермен бірдей еңбек етті. Сол себепті біздің алдымыздағы ардагерлер келер ұрпақ үшін қай кезде де құрметті, қадірлі.

Осы бүгінгі мерейлі күннің хабары бізге күні бұрын тиді. Қуана әрі асыға жеттік. Өйткені мен бұл кісілерді жас күнімнен білемін. Бүгін алды тоқсанға, қалғандары сексенге толып отырған аға-апаларымыз бізге ақыл-кеңес беріп, бағыт көрсетті. Облыс бойынша 79 мың ардагер бар. Айта кеткеніміз жең ардагерлер кеңесінің атқарып жатқан жұмысы бойынша Жалағаш ауданы облыс көлемінде алда тұр. Бұның дәлелі міне, бүгінгі өткізіліп отырған халыққа, әсіресе жастарға берері мол тағалымды шара, – деп сөзін түйіндеген Әмірбек Мөреуліұлы мерейтой иелерінің кеудесіне «Қызылорда облысының Құрметті ардагері» төбелесінен тағып, облыстық ардагерлер кеңесінің «Құрмет» грамотасын табыстады.

Одан соң Садық Әлиев және Қабыланбек Нұрмағанбетов ардагерлерге аудандық ардагерлер кеңесінің «Құрмет» грамотасы және «Құттықтау» хатымен марапаттады. Сонымен бірге «Жаңа жол» шаруа қожалығының төрағасы Әлібек Нұрмағанбетов пен «Байтабын» ЖШС төрағасы Болат Діндөбетов салтанатты кештің көйпекерлерін құттықтап, сый-сияпат жасады.

Шара соңы Қ.Қазантөев атындағы аудандық мәдениет үйі өнерпаздарының концертіне ұласты. Өз кезегінде мерейтой иелері аудан басшылығына және осы шараны ұйымдастырған азаматтарға алғысын айтып, бастасын берді.

Қуат АХЕТОВ

### БАСПАӨЗ – 2023

## ҚАДІРЛІ ОҚЫРМАН!



«Сыр медиа» ЖШС басылымдарына 2023 жылдың бірінші жартыжылдығына жазылу өлі де жалғасуда. Ел жаңалығын білгіңіз келсе, сүйікті газетіңізден қол үзбейіз.

Индекс	Басылым атауы	Жазылу мерзімі	Бағасы
65460	Сыр бойы (жеке жазылушылар үшін)	6 ай	3500 тт
15460	Сыр бойы (мекеме үшін)	6 ай	4500 тт
65461	Қызылординские вести (жеке жазылушылар үшін)	6 ай	3500 тт
15461	Қызылординские вести (мекеме үшін)	6 ай	4500 тт
65425	Ақмешіт жастары (мекеме мен жеке жазылушылар үшін)	6 ай	2000 тт
65463	Ақмешіт апталығы (жеке жазылушылар үшін)	6 ай	2500 тт
15463	Ақмешіт апталығы (мекеме үшін)	6 ай	3500 тт
65019	Жалағаш жаршысы (жеке жазылушылар үшін)	6 ай	2500 тт
15019	Жалағаш жаршысы (мекеме үшін)	6 ай	3500 тт
65878	Халық (мекеме мен жеке жазылушылар үшін)	6 ай	3000 тт

## СҮЙІКТІ БАСЫЛЫҢЫЗҒА ЖАЗЫЛУҒА АСЫҒЫҢЫЗ!

## Сұхбат

Осыдан бір жыл бұрын Үкіметте «ҚР азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы» заң жобасы талқыланған болатын. Өткен жылдың соңында Мемлекет басшысы аталған заңға қол қойды. Онда халықаралық тәжірибені ескере отырып, рәсімдердің 3 түрін енгізу ұсынылған. Аталған заң борышкерлердің банк алдындағы қарызына қатысты мәселелерді реттей ме, оның азаматтарға пайдасынан бөлек қандай зиян тұстары бар? Алдағы уақытта оның көмегіне жүгінгендер қайта несиесі рәсімдей ала ма? Осы және өзге де сауалдардың түйінін тарқату үшін Жалағаш ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасының басшысымен сұхбаттасқан болатынбыз...



Сұхбаттасқан Ерлан СОЗАҚБАЕВ

# Жеке тұлғалардың банкроттығы туралы заң: Өтінішті қалай береді?

– Руслан Жақсылықұлы, алдымен аталған заңға кеңінен тоқталсаңыз, «ҚР азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы» заң қанша бап, қанша тараудан тұрады?

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев елдегі әлеуметтік-экономикалық ахуал мәселелері жөніндегі кеңесте жеке тұлғалардың банкроттығы туралы заңды әзірлеуді тапсырған болатын. Осы тапсырма аясында «Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы» Заңына 2022 жылы 30 желтоқсанда қол қойылды. Аталған заң Қазақстан азаматы төлемге қабілетсіз болған кезде туындайтын қоғамдық қатынастарды реттейді, төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімін, сондай-ақ соттан тыс және сот арқылы банкроттық рәсімін қолдануға арналған негіздерді, оларды жүргізу тәртібі мен шарттарын белгілейді. Заң 4 тараудан, 53 баптан тұрады. Заң ресми жарияланған күннен кейін 60 күн өткен соң күшіне енеді. Яғни қарызы бар азаматтар биыл наурыз айынан бастап банкроттыққа арыз бере алады.

– Азаматтардың банкроттық 3 рәсімі көрсетілген, егер банк алдындағы қарызды өтеу кешік-

тірілген жағдайда несиесі беруші немесе өзге кредитор борышкерге қатысты бұл рәсімдерді қолдана ала ма?

– Азаматтардың банкроттық рәсімдері 3 рәсімнен тұрады. Соттан тыс банкроттығы, сот банкроттығы және төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімдерін қарастырады. Үш рәсімді де тек борышкер ғана бастайды, яғни несиесі беруші немесе өзге кредитордың борышкерге қатысты бұл рәсімдерді қолдануға құқығы жоқ.

Үш рәсімге жеке-жеке тоқталсам, алдымен соттан тыс банкроттық рәсімін алайық. Бұл Мемлекеттік кірістер басқармасымен қарастырылады. Өтініш EGOV электрондық үкімет порталы арқылы беріледі. Борышкерлердің екінші деңгейдегі банктерден, микроқаржы ұйымдарынан және коллекторлық агенттіктер алдындағы қарызы кешіріледі. Қарыз 5,5 млн теңгеден, яғни 1 600 айлық есептік көрсеткіштен аспауы тиіс. Сондай-ақ өтініш берген күннен бастап соңғы 12 айдың ішінде өтелмеген қарызы бар азаматтар жатады. Заң аясында қарызы кешірілетін борышкердің мемлекеттік тіркеуге жататын жылжымайтын мүлкі, жер және көлік құралдары болмауы тиіс. Банкпен, микроқаржы ұйымымен борышты реттеу

туралы құжаттың болуы міндетті. Ал коллекторлар бойынша аталған құжат талап етілмейді. Алайда 6 ай бойы атаулы әлеуметтік көмек алушылар үшін борышты өтемеу кезеңінде, қарыз 5 жылдан артық өтелмесе, жоғарыда аталған барлық шарт ескерілмейді.

Екінші рәсім сот банкроттығы болып табылады. Яғни бұл аты айтып тұрғандай, сотпен қарастырылады. Мұнда өтініш борышкердің тұрғылықты жері бойынша сотқа беріледі. Кредиторлар алдындағы қарыздың барлық түрі бойынша сот банкроттығы барысында борышкердің мүлкі сауда-саттықта сатылады. Егер жалғыз тұрғын үй кепіл нысаны болса, кредитор оны сот банкроттығы барысында алып қоюға құқылы. Ал жалғыз тұрғын үй кепіл болып табылмаса, ол мүлктің массаға енгізілмейді. Сондай-ақ қаржы басқарушысы тағайындалады.

– Рәсімді қолдану барысында қандай шектеулер болады?

– Ең алдымен мүлкі иеліктен шығару немесе жаңа міндеттемелер қабылдау, яғни қарыздар алу, кепілдіктер мен кепілгерліктер беру бойынша мәмілелер жасауға тыйым салынады. Екіншіден, рәсімді жүргізу кезеңінде шетелге шығуға тыйым салынады.

Үшінші рәсім, яғни төлем қабілеттілігін қалпына келтіру сотпен қарастырылады.

Өтініш борышкердің тұрғылықты жері бойынша сотқа беріледі. Қарыздың мөлшері тиісті мүлктің құнынан аспауы тиіс. Мұнда мүлктің бір бөлігін сату, мүлкі жалға беру, жаңасын сатып алу арқылы тұрғын үйді сату немесе құны төмен тұрғын үйге айырбастауға болады.

– Мұның әлі екеуінен басқа да артықшылықтары бар ма?

– Бұл рәсімде «Банкрот» мәртебесі берілмейді. Теріс себеп-салдарсыз, яғни қаржылық мониторинг жүргізілмейді, бір сөзбен айтқанда, қайта несиесі алуға шектеулер жоқ. Қарыздар бойынша бөліп төлеу 5 жылға дейін жалғасады. Шетелге шығуға да шектеу жоқ.

– Банкроттықтан кейін борышкер қандай мүмкіндіктерден шектеледі?

– Біріншіден, 5 жылға дейін несиесі алу-дан шектеледі. Сондай-ақ 7 жылға дейін банкроттыққа қайта жүгіне алмайды. 3 жыл қаржылық жағдайына мониторинг жүргізіледі.

Бұл жерде ескеру керек, алимент өндіру, басқа адамның өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянды өтеу, сондай-ақ қылмыстық құқық бұзушылықтар үшін келтірілген зиянды өтеу бойынша бөрсектер есептен шығарылмайды.

– Сұхбатыңызға рахмет!

# Аутизм – психикалық дамудың бұзылуы

Аутизм – кішкентай балалардың ми қызметінің бұзылуы салдарынан айналадағы адамдармен қарым-қатынас пен байланысқа түсу қиыншылықтарын тудыратын психикалық ауытқу. Негізінен бұны ауру деп айту қиын, бұл – психикалық дамудың бұзылуы, яғни шындықтан ауытқу, өз-өзінен кету, немқұрайлық немесе сыртқы құбылыстарға жауапты қимыл әрекеттердің болмауы.



Мұндай балалар ортамен қарым-қатынаста үлкен сезімталдық танытады. Баланың миына келіп түскен ақпараттарды оның миы қабылдамайды, себебі миының сенсорлы жүйелері дұрыс істемейді. Есесіне бала көптеп түсіп жатқан ақпарат пен жаңалықтардан қорғана бастайды. Дәні сау бала дамуға жұмсайтын күшті, аутизм бала қорғану механизмін құруға жұмсайды. Сол себепті үнемі өз әлемінде, ешкіммен жұмысы жоқ болады, тіпті ең жақын адамы болатын анасымен байланысуға қорқады.

Аутизмнің белгілеріне келсек, баланың үш жасына дейін айқын байқалады. Әдетте ер балаларда жиі кездеседі. Ата-анасы баланың құрдастарымен салыстырғанда кеш дамып, әлі сөйлемегенін байқайды. Алғашында бала керек секілді болып көрінеді, бірақ тексеру нәтижесі олай емес екенін көрсетеді.

Кейде бала сөйлеуді бастайды, бірақ біраз уақыт өткізіп, сөйлеу қабілетін қайта жоғалтады. Күнделікті қылықтары қайталанатын, күнде бір ойыншықпен және жалғыз ойнайды. Тіпті ойыншықтың тек бір бөлігімен ғана, яғни тек қолымен немесе басымен ойнауы мүмкін. Күнделікті қайталанатын тәртіпті өзгеруін бала өте қиын қабылдайды. Ата-аналарының айтуынша, бала көзге тіке қарамайды.

«Аутизмді қалай анықтап, балаға қалай диагноз қояды?» деген сауалдың түйінін тарқатсақ, балада аутизм белгілері бар екенін анықтауда дәрігерлердің өзіндік нормативтері бар екенін аңғарамыз. Негізінен белгілердің үш тобы бар. Бала көзбе тобында көз байланыстан қашақтайды. Өзге адамдардың сезіміне, мәселен, ауыру және көңілсіздікті түсінуі қиын болады.

Ауызша және ауызша емес байланысқа келсек, бала мүлдем сөйлемейді немесе тек бірнеше сөзді тоқтаусыз қайталайды. Ал шектеулі қызығушылықтарда бала ойыншықпен тұтастай ойнамай, тек оның бір мүшесімен, яғни қолы, аяғы немесе басымен ғана ойнайды. Ал жасөспірімдер тек бір сабаққа немесе жалғыз тақырыпқа ғана құмарта қызығуы мүмкін, мәселен, математика жөніндегі белгілер.

Аутизм қалай емделеді? Ең бастысы, кешіктірмей тексеріліп, емделу терапиясын ертерек бастаған дұрыс. Себебі терапияны бала кішкентай кезінде бастаса, нәтижесі жақсы болады. Аутизмге ұшыраған адамдардың әрқайсысының белгілері әртүрлі және әр адамға тек өзіне тән ем түрі жүргізілуі керек. Аутизмді емдеу үшін науқас адмның мінезі мен жүріс-тұрысына қарай терапия қолданылады. Бұл терапия баланың дұрыс тәртібі үшін арнайы сый береді, осылай бала айналасымен араласып, байланысқа түседі.

Баланың ерекшелігіне қарай физикалық және сөйлеу терапиялары қолданылуы мүмкін. Баланың бөлектенуін, мақсатсыз қозғалуын және қорқыныш сезімін жою үшін анималотерапияның көмегі зор. Соңғы зерттеулер дельфинотерапияның бірнеше артықшылықтарын дәлелдеді. Бұл терапиямен емдегенде дельфиндерден бөлінетін жоғары жиілікті сонарлардың әсерінен баладан бақыт гормондары бөлінеді. Бұл гормондар ми қызметіне әсер етіп, баланың көңіл-күйін жақсартады.

Гүлназ ТҮРҒАНБАЕВА, ауандық аурухананың аға патронаж мейіргері

## Мамандар не дейді?

# Түсіндірме жұмыстары жүргізілді



Былыр Талсуат елді мекенінде орналасқан «Мүгедектерге арналған оңалту орталығы» КММ қызметіне облыс бойынша 733 адам жүгінген. Қызмет алушылардың ішінде әдеттегідей Қызылорда қаласының тұрғындары көп бастап тұр. Ал аудандар арасында шиеліліктер көп бастайды. Өткен жылы Жалағаштан 36 адам аталған орталықтың қызметіне жүгінген. Оның ішінде бірінші топтағы мүмкіндігі шектеулі жандар саны 25 болса, екінші топтағы мүмкіндігі шектеулі жандар 17-ге жеткен. Мұнан бөлек жалағаштық 4 зейнеткер аталған орталықтың қызметін тиімді пайдаланған. Аудандағы өнерді дамыту орталығында өткен басқосуда облыстан келген арнайы мамандар жалағаштық мүмкіндігі шектеулі жандар мен ардагерлерге орталық жұмысының тиімділігі хақында түсіндірме жұмыстарын жүргізіп, бірқатар сауалдың да кеңесте түйін тарқатылды.

Орталықтың әлеуметтік маманы Ғалымжан Әбдірахманов алдымен ондағы көрсетілетін қызметтің мақсат-міндеттерін кеңінен тарқатты. Мәселен, бірінші және екінші топтағы мүмкіндігі шектеулі жандарға, егде жастағы өз-өзіне қызмет көрсете алмайтын адамдарға жартылай стационарлық жағдайда арнаулы әлеуметтік көмек көрсетіледі. Яғни орталық министрліктің 2015 жылғы №165 бұйрығына сай жартылай стационарлық жағдайда арнаулы әлеуметтік қызмет көрсетеді. Қызмет алушыларға жеке қажеттіліктерін ескере отырып, олардың жеке даму деңгейін арттыруға, әлеуметтендіруге және кіріктіруге негізделген арнаулы қызмет те қарастырылған. Әлеуметтік қызметтің сапасы ұдайы бақылауда.

Былыр облыстық жұмыспен қамту үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасына қарасты мекемелер жолдамасымен орталық 733 адам қабыл-

даған. Оның 651-і – бірінші және екінші топтағы мүмкіндігі шектеулі жан. Ал 82-сі – егде жастағы азамат. Өткен жылы 201 адам алғаш рет орталық қызметіне жүгінді.

Ғалымжан Әбдірахманов келушілерге негізінен 7 бағыт бойынша қызмет көрсетілетінін айтады. Олардың қатарында әлеуметтік-тұрмыстық, әлеуметтік медициналық, әлеуметтік-психологиялық, әлеуметтік-еңбек, әлеуметтік-мәдени, әлеуметтік-экономикалық және әлеуметтік-құқықтық сынды қызмет түрлері бар.

Кездесуде орталықтың дәрігер реабилитологы Ерлан Әбілов биыл бірқатар аппараттың жаңартылып жеткізді. Олардың қатарында «Redcord» аппараты да бар. Ол дене салмағын түсіру арқылы кинезотерапия жүргізуді жүзеге асырады. Яғни бұлшық ет жүйесінің қозғалыс бұзылыстары мен теңгерімсіздікті жеке диагностикалайды. Сондай-ақ тірек-қимыл аппаратындағы ауырсынуды жоюға да

жәрдемі бар. Оның көмегімен үйлестіру дағдылары мен тепе-теңдік реттеліп, қозғалыс үлгілері дамиды.

Аталған аппараттың негізгі артықшылықтарына келсек, онымен жасайтын жаттығулардың тиімділігі көп. Нәтижесінде орталық жүйке жүйесіне қажетті сигналдар беріліп, дененің сезімі дамиды. Мұнан бөлек орталық «Neugas» техникасымен де толықлақ. Оны әлемдік жетекші сарапшылар мақұлдаған. Ол кенестікке үйлестіруді ғана емес, дене күшін де дамытады. Бұл аппарат тұрабтты және уақыт өте пайда болған науқастармен жұмыс істеуге жарамды.

Ерлан Әбілов биыл орталық мұнан өзге де бірқатар қажетті аппараттармен толығынын тілге тиек етті. Ал былыр тамыз айының екінші онкүндігінен бастап онда логопед қызметі жүзеге асырылған. Сол уақыттан бері бұл қызметке 117 адам жүгінді, 26 адам дертінен айыққан. Онда мимикалық бұлшық еттерге, ерінге, тілге

артикуляциялық массаж жасау, терең тыныс алу, тыныс шығарудың ұлғаюына жаттығулар, сөйлеу белсенділігін дамыту, жаңа үндерді үйрету, қайталап сөйлеу, заттың түр-түсі, үлкендігіне қарай салыстыруды үйрету жұмыстары жүргізіледі.

Меймандардың сөзіне сүйенсек, онда ем алушыларға барлық жағдай жасалған. Тіпті онда мәдени шаралар да ұйымдастырылады және оған науқастар жұмылдырылады. Ем алушылардың қолөнермен айналысуына да жағдай жасалған. Демек, онда науқастар тек ем алып қана қоймай, бос уақытын тиімді пайдалана алады. Бұл бір жағынан мидың дамуына, тез жұмыс істеуіне ықпал етері анық.

Кездесуде жалағаштық ардагерлер, мүмкіндігі шектеулі жандар, мүмкіндігі шектеулі баласы бар ата-аналар орталық мамандарына сауалдар жолдап, бірқатар сұрақтың түйінін тарқатылды. Жиналғандардың басым бөлігі мұндай емдік шаралардан хабары жоғын да жасырмады. Ал аудандық жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және азаматтық хал-ақпаларын тіркеу бөлімі мамандары қажет болса, алдағы уақытта да осындай кездесулер ұйымдастырып, мейлінше халықтың қажетіне жұмыс жасауға дайын екенін жасырмады.

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

## Сайлаушылардың назарына

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық Заңының 28-бабының 4-тармағына сәйкес Жанадария ауылдық округ әкіміне кандидаттардың сайлаушылармен кездесу кестесі


№	Үміткердің аты-жөні	Кездесу өткізілетін орын	Кездесудің өткізілетін күні	Кездесудің өткізілетін уақыты
1	Ақпанбетов Рауан Сауранбекұлы	Жанадария ауылы, Достық көшесі №20, “№203 орта мектебі” коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.	21.01.2023 жыл	Сағат 10-00
2	Нурмаханов Ербол Жахатович	Жанадария ауылы, Достық көшесі №20, “№203 орта мектебі” коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.	21.01.2023 жыл	Сағат 11-00
3	Тоқсанбаев Бексұлтан Райбекұлы	Жанадария ауылы, Достық көшесі №20, “№203 орта мектебі” коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.	21.01.2023 жыл	Сағат 12-00

Кент, ауылдық округтері әкімдерін сайлауына орай «Сыр медиа» ЖШС-на қарасты Жалағаш аудандық “Жалағаш жаршысы” газеті сайлауалды үгіт-насихат материалдарын орналастыру бойынша өз қызмет құнын ұсынады

Жалағаш аудандық “Жалағаш жаршысы” газеті 1934 жылдың 10 қаңтарынан бастап шығады. Газет форматы А2. Бірінші және соңғы беттер түрлі-түсті. Шығарылымы аптасына екі рет: сөйсенбі, сенбі күндері.

Таралымы – 3097 дана. Газеттің бір шаршы сантиметрінің құны ҚҚС қоса есептегенде: • Бірінші бетте орналастыру – 250 теңге; • Ішкі беттерде орналастыру – 150 теңге; • Ең соңғы түрлі-түсті бетте – 180 теңге; Біздің мекен-жайымыз: Қызылорда облысы, Жалағаш кенті, Төле би №5а. Жарнама бөлімі: 8 (724-31) 32-0-41, E-mail: Zhal\_jarsh@mail.ru

Далдабай Жалтынов – 110 жыл



Өмірде нөбір адамдар болады, олар жайлы деректер ауыздан-ауызға жыр түрінде немесе қызықты өңгіме түрінде жеткізіліп отырған. Ондай адамдар ұмытылмайды, аты гасырдан-гасырға жалғасып жатады. Ондай адамды халық еркез еске алып отырады. Елдің есінде жүрген азаматтардың бірі де бірегейі – Сыр топырағында дүниеге келіп, алысқа ұзап бармай-ақ туған жерінде туған елі үшін қызмет еткен, халқы үшін тер төккен Далдабай Жалтынов.

Есімі елінің есінде

Иә, ол – шын мәнінде мақтаншыпен айтуға тұрарлық азамат. Олай дейтініміз, Жалағаш ауданында Далдабай атты ауыл бар. Бұл ауылға Далдабай Жалтынов ағамыздың атының берілуіне жай нәрсе деп қарауға болмайды.

Ертеде бұл ауыл Жалағаш қой совхозының орталығы болған. Кейін совхоз орталығы Қаракеткен станциясына көшкен кезде совхоздың бөлімшесі болып қалған. Бүгінде бұл ауылға біз өңгіме етіп отырған ағамыздың аты берілген. Алпыстай үй түтінін түтетіп отырған ауылда қазіргі заманның талабына сай келетін жаңа мектеп, жаңа дәрігерлік бөлімше жұмыс жасайды. Ауылдың ауыз су мен аяқ су мәселесі де шешілген. Мал өсіруге, аң-қус, балық аулауға да ыңғайлы мекен деуге болады. Ағамыз Далдабай Жалтынов кезінде бұл жерді совхоз орталығы етіп бекерге таңдамаған тәрізді. Солай болсыншы делік. Ол – өз алдына бөлек өңгіме.

Ол 1932 жылы қазіргі Қалқан ахун ауылында дүниеге келген. Басында ауыл молдасынан сабақ алып, кейін білімін мектепте жетілдірген. Жастайынан өмірдің ащы-тұщысын бастан кешірген ол өрте есейіп, өрте еңбекке араласты. Еңбек жолын арнаулы мамандығы болмаса да 1932 жылы қарапайым жұмысшы болып бастаған ол арада екі жыл өткенде Сұлутөбедегі қымыс зауытын басқарды. Осы кезден бастап-ақ оның адамдармен тіл табыса ала білетіні, жұмысты ұйымдастыруда қабілетінің барлығы, қиыннан жол таба білетін іскерлігі көптің, әсіресе жоғарыда тұрған басшылардың көзіне түсе бастайды.

Қазіргідей емес, ол кезде маман кадрлардың өте тапшы кезі болатын. Сондықтан мұндай көптің көзіне ұрып тұрған ұйымдастырушылық қабілеті бар кадрларды бірден назарға алатын. Солай болады да, бастапқы басшылық жұмыстан кейін арада жеті жыл өтеді. Осы уақыт ішінде ол сол кездегі техникаларды өз бетінше жетік меңгеріп, маманданып алады. Соның нәтижесінде 1939 жылы оны жоғары партия органдары Қаракеткен МТС-қа директор етіп тағайындайды. Бұл қызметті абыроймен атқарған ол өзін іскерлігімен көпшілікке таныта білді. Соның дәлелі ретінде жерлесіміз Жайық Есіркепулының «Аманат» атты кітабынан төмендегі үзіндіге оқырман назарын аудармақпын. Онда былай деп жазылған еді.

1939 жылдың қыркүйек айында бұған дейін облыстық есеп санақ басқармасының бастығы болып келген Далдабай Жалтынов директор болып бекітілді. Дәкең шебер сөзді, жоқтан барды келтіретін, көзделген бейтаныс адамды тез баурап тіл табыса жөнелетін бауырмалдық қызуқанды азамат еді. Ел арасында Дәкеңнің сөзі дейтін, өзі өмірден жинақтаған мақал-мәтелдері, қысқа әзіл өңгімелері көп-ақ. Сөзден де, істер жүрген ісінен де жеңіліп көрмеген, ерекшелігі мол біртуар азамат бүгінде бұл дүниеден өтіп кетті. Беделді жиналыстарда зал ішіндегі адамдарды сергітіп, тандандыра, күлдіре серпілтіп сөйлейтін. Ол кісі мінберге көтерілгенде шаршап, мүлгіп отырғандар жадырап қалатын. Сонда президент басшылары әдейі Дәкеңе сөз беріп, залда отырғандарды бір қозғалтып алатын. Жұмыс бабында ешкімге жалтақтамайтын. Өзінен жоғары билеушінің алдында тайсалмайтын батыр мінезді еді. Ауыл шаруашылығының білгірлерінің бірі, облысқа айрықша белгілі

қайраткердің өзінің көрген-білгендері мен жұмыстағы бай тәжірибелерін жаза алмай кеткені өкінішті-ақ.

Машина-трактор мастерскойында өндіріс жөндеуге кіргізілетін тракторларды бітетін мерзіміне жеткізбей-ақ жөндеуден өткізуге жеткізбей-ақ жөндеуден өттіге санап, облысқа алдын ала шифр-телеграмма бергізе беретін. Бұл сол кездегі артық талап, орынсыз міндеттеулерден туындаған қасиеттер еді.

Өлі есімде, 1940 жылдың 18 қараша күні МТС бойынша 40-тан астам трактордың 7-уі шеберханға кіргізілгенмен тракторшылар жөндеуге кіріскен жоқ, көптеген тракторшының қолхоздағы үйлерінен әлі келмеген кезі еді. Дәкең «Мына телеграмманы беріп кел» деді. «Қызылорда облЗО, Измағанбет Едильбаеву, всего 41 тире, 7 зпт ХТЗ 5 зпт ЧТЗ 2 отремонтировано тчк».

Ол заманда барлық бөлшектері жетісп тұрғанның өзінде бір тракторды 20-25 күнде зорға жөндеп болады. Көтеру, түсіру, қозғалту жұмыстары шағын рычагтармен қолмен, адам күшімен атқарылады. Іш те суық, ашық-тесік. Мамандар жеткіліксіз. Маман тракторшылар санаулы-ақ. Иманбердиев Аяған, Ақтайлақов Нурмахан, Жонтаев Алпамыс, Қабылов Кенбай, Тәшімбетов Рахымбай, Ағарбаев Жұбаназар, Тілеуов Торғай, Бегисалов Әсер, Алмасов Асабек, Ахметов Сахан, Ыбыраев Сәрсен, Тырықбаев Шайқы, Қосжанов Қарақойшы, тағы басқалары аз да болса МТС-тың таңдаулылары болатын. Бұлардың көбі МТС-тың негізі құрылған 1930 жылдан бері істейтіндер.

МТС-та өндірістік бухгалтер болып істейтін қайдан екені белгісіз. Пресняков деген аз уақыт кассирлік міндетті қоса атқарып жүрді де, бір түнде жоқ болып кетті. Көп ақша кетпесе де, бухгалтерлік есептің былық болғаны анықталды. Осы жағдайдан кейін сенімді, жергілікті кадр деп мені сөтөводе-кассир етіп бекітті. Ақшаны аудандық мемлекеттік банктен алғаннан кейін милиция органының арнаулы адамының қолдауымен машина арқылы әкелінді. Қыстың бекіген шағының бір күнінде тракторшылар мен жұмысшылар МТМ-нан шығып келіп, маймен баттасқан қалың киімдерімен кассаның алдына кезекте тұрып жатты. Арасынан бұзып-жарып, үстінің май болғанына қарамастан машинист болып істейтін Тебеннова келе сала «ақша бер» деп зығыр салды. Қызметкерлердің ведомосты тауып бөлек, алдымен жұмысшыларға бер деген бухгалтерияның тапсырмасын айттым да кезегімен бере бердім.

Ведомость бойынша апаратындарын бітіріп, кассаны тексергенімде 1000 сом ақша артық болып шықты. Петр Илларионович Пакке айтқанымда сабырлы адам еді, бекерге даурықпа, тағы тексер деді. Тексеріп ақшаның артық екенін дәлелдедім. Екінші бухгалтер Югай барлық құжаттарды тексерді. Сол заматта аудандық мемлекеттік банк бастығы Намға хабарланды. Ол кісі де не істерін білмей, кешкі тексеруден кассадан 1000 сом кем шыққанына лажы құрып отыр екен қуанып кетті. Ертеніше барғанымда банктің кассири Хадидша қуанығанын жылап жіберіп, бар алысымен 50 сом ақша ұсынды. Алмадым. Ол кезде ақшаның құнды кезі еді. «1000 сомды 50 сомға айырбастамаймын, алысыңыз болады» дедім. Осыдан кейін банк қызметкерлерінің маған

деген сөмімі арта түсті. Оған қосымша Жалтыновтың бұйрығымен жарияланған алғысына ие болдым.

Жалағашта жұмыс бабымен жүргенімде аудандық халық сотының хатшысы Мусаев кездесіп: – Өзіңмен бірге істейтін әйелді «шодыр» деп жәбірлегенің үшін жақында іс қарауға барамын, – деді.

Қорқып кеттім, ондай сөзбен кімге тіл тигіздім деп ауылға келгенше абыржыдым. Көп ұзамай аудандық кеңес атқару комитетінің төрағасы Саяхтовтың әйелі Латипованың төрағалық етуімен МТС кеңсесінің үлкен залында ашық сот отырысы болып, «Есіркеповтың Тебенноваға тіл тигізгені жайлы» іс қаралды. Берілген шағымында екі бухгалтерді (үлті көріс) күзге тартыпты. Шынында бетінің шешек дағы бар еді. Күялар: – Қазақшаға түсінбейміз, оның касса алдына барғанын да байқаған жоқпыз, – деп күлкіленіп бас тартты.

Содан кейін ақша алу кезегінде тұрған үш тракторшы төтенше куәлікке шақырылды, олар да бұралқы сөздің болмағанын айтты. Сол кезде сотқа қатысып арта отырған Далдабай: – Мүмкін емес, жала, – деп айқайлап жіберді.

Сот мәжілісі «Есіркеповке тағылған кінә дәлелденбеді» деген ұйғарымға келді. Ертеніше жалақорлығы үшін директорының бұйрығымен ол жұмыстан босатылды. Оның қарауындағы адамдарға деген қамқорлығының қандай дәрежеде болғанын жоғарыда келтірілген жазбалардан айна-қатесіз аңғаруға болады. Бұл Далдабай Жалтыновтың басшылық жұмыста жүрген кезіндегі қарамағындағыларға жасаған қамқорлығының қырық жыл еңбек өткен кезіндегі мынан бір мысалы ғана десек, қателеспейтін шығармыз.

Ол қандай басшылық қызметке жіберілсе де тоқтаусыз еңбек етіп, ел сенімін ақтай білді. Мәселен, 1960-1969 жылдары аралығында Жалағаш қой совхозының директоры болып Далдабай Жалтынов қызмет атқарған кезде совхоз облыстағы алдыңғы қатарлы, іргелі шаруашылыққа айналды. Ол сол кезде Шымкент облысынан 10 000 қарақол қойын әкеліп, совхоздың қарақол бағытындағы екі ферманың мүлкізді ірі қара бағытындағы, бір ферманың тұрақты жұмыс істеуіне қол жеткізді.

Далдабай Жалтынов өзінің сабырлы мінезімен, тереңнен ойлайтын ақылдылығымен, адамға деген үлкен жүректі қамқорлығымен, жұмысты ұйымдастырудағы іскерлігімен, тауып сөйлейтін шешендігімен Сыр өңіріне аты кеңінен таныс азамат болған. «Далдекең айтқан екен» деген шешендік сөздер өте көп. Осындай реті келгенде соның бірнешеуін тағы бір еске түсірейік.

Бірде ауларткомның арнайы өкілі Сейтнәби Мұқашев Жалағаш кеңшарының шаруашылығын аралайды. Қараөзек арнасының терістік бетіндегі мал жайылымын, шабындықтарды, малшы қыстауларын аралатып жүрген кеңшар директоры Далдабай Жалтынов: – Сейтнәби, сен осы өңірде Бұқарбай батыр атаңның бейітінің бар екенін білесің бе, – деп сұрайды.

Атақты Кеңесары ханның ұлт-азаттық қозғалысының белді батырларының бірі болған Бұқарбай батыр туралы айтуға да қорқатын заман. Жан-жағына қараған Сейтнәби: – Естүім бар, көргенім жоқ. Дәке, жақын маңда болса, соға кетсек қалай болар екен, – деп өтініш білдіреді.

Партия қызметкерінің мына ұсынысын іштей құптаса да,

әлдеқалай болар деген оймен Дәкең де сергіне сынай қараған.

– Бұнда жолымыз түсе бермейді. Дәке аға, батыр бабаның бейітіне алып барыңыз, – деп өтінішін қайталаған өкілдің меселін қайтармайын деген оймен жүргізушіге ым қағады.

Үлкен қорым қам кесекпен қоршалған. Бұлар сырттай қарап ұзақ тұрады. Бір кезде партия өкілі: – Дәке, бірнәрсе білсеңіз оқын жіберіңізші, – дейді.

Бұл сұрақ өзі коммунист, өзі насихатшы, өзі басшы Дәкеңді ойландырып тастайды. Оқын десе, заман талабына қарсы. Үн-түссіз өкілдің бетіне ұзақ қарап, сынай тұрады да келігіне қарай жүре береді. Көліктің артығы естіні ашып, қосауыз аңшы мылтығын қолына алып, оқтап аспанға қаратып, екі рет оқ атып жібереді де: – Шырағым, батырларға құрметті осылай көрсетеміз, – деп келігіне міне берген екен.

Білетін дұғасын оқын десе, кейін Дәкең дұға оқыған деген өңгіме шығып кетер деп, қасындағы «Қызыл комиссарға» сөзе алмай, ауылдас інісінің көңілін де қимай, осындай шешімге келген Дәкеңнің тапқырлығына қалай таңданбаспын!

Хрущев заманында мал шаруашылығын өркендетудің бірден-бір жолы жүгері дақылдың көлемін ұлғайту міндеті қойылды. Мал шаруашылығымен айналысатын Дәкең басқаратын совхоздағы егілген жүгеріні тексеруге жоғары жақтан басшылар сау ете қалыпты. Тексерушілерді байсалды кейіпте күтіп алған басшы жүгерілерін көрсетуіне алып шығады. Бітік жүгері алқабы көк қамыспен қосыла көздің жауын алады. Алдын ала Дәкеңнің айтуымен жүргізушісі әлгі алқаптың басын аралап, айналма жолмен шығыс жағын кесіп өтеді. Содан түстікке бет алып, терістігіне өтпек болғанда әлгі айналма жолмен амалсыз жүруге тура келеді. Сонда тексерушінің бірі «Мына жер таныс жол ғой» десе керек. Сонда Дәкең: – Сыр өңірінің жолы да, егістігі де бір-біріне ұқсас бола береді, – деген екен.

«Дәкең айтқан екен» деген осындай шешендік сөздер бірінен соң бірі жалғасып кете бергені. Олардың бәрін тізіп айтудың қажеті бола қоймас. Осы тұста ақын Тұрсынзада Есімжановтың:

«Төріндей адамдықтың ақ бас аға, Озықсың тұстастарың көп болса да. Мен үшін таудың асқақ шыңындайсың, Жыл сайын сөңдей ұлды таппас ана! Асылын тереңнен мол жасырған, Құйғандай ауыр тұлға қорғасыннан Жылдарды санап мен де асықпайын, Жарар-ау, жолықсаң да әр гасырдан Атақпен көкке биік тірелсең де, Жатқырап жайнасаң да, түнөсен де. Яки шың, яки үлкен адам деген, Сияды бар болдысың бір өлшемге» деп жыр жолдарын Далдабай Жалтынов сияқты ерекше жаратылған ағаларға арнаған-ау деген ойға келесіз.

Шын мәнінде ол өзінің өмір жолында өшпес із қалдырған, үлгі тұтарлық істері көп, өз дәуірінің тұлғалы азаматы болған, айтқан өңгімелері ұрпақтан-ұрпаққа үзілмей жетіп отырған, есімі тарих беттерінде орын алған мұндай ғажайып ағалар туралы естелік жазу әлі-ақ жалғасын табары анық.

Шыңғыс АЙБОСЫНОВ, Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі

Сот шешімі туралы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2003 жылғы 11 шілдедегі №5 нормативтік қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізіліп, 7-тармақтың үшінші және төртінші абзацтарында «Азаматтық процестік кодексінің 222-бабының екінші бөлігіне сәйкес, төрағалық етуші сот шешімі жария етілгеннен кейін оны қабылдаудың құқықтық негіздері мен салдарларын ауызша түсіндіреді. Осы түсіндірме түсініксіз болған жағдайда тараптарға нақтылаушы сұрақтар қою мүмкіндігі беріледі, бұл туралы сот отырысының хаттамасында тиісті белгі қойылады. Іске қатысатын адамдар келмеген жағдайда шешімді түсіндіру жүргізілмейді» деп жаңа редакцияда көрсетілген.

Сот актісін түсіндіру сенімді нығайтады



Елімізде 2018 жылдың 1 қыркүйегінен бастап шығарылған әр бір сот шешімі тараптарға кәсіби және қарапайым халыққа жеткілікті түрде түсіндіріліп келеді. Сот шешімі – ресми құжат, оның заңмен кезделген құрылымы бар. Азаматтық істер бойынша сот шешімі туралы Жоғарғы Соттың нормативтік қаулыларының нормалары туралы оған сәйкес шешімді жариялағаннан кейін судья қабылдаған шешімді мәннің, дәлелін және құқықтың салдарын түсіндіреді.

Сот шешімін түсіндіру халқымыздың сотқа деген сенімін арттыруға бағытталған және жеңіліп қалған тарапқа психологиялық жәрдем көрсету десек те болады. Қарапайым халық заңды білмеген соң өзінкінің дұрыс деп сот шешімімен келіспей, кейбір жағдайларды мүлдем түсінбей сотқа деген ренішпен кетіп жатады. Осындай келеңсіздікті тудырмау үшін сот қабылдаған шешімнің мәннің, мағынасың салдарын, заңды күшін, орындау міндеттілігін, өр істің санаттылығына байланысты нақты түсіндіреді. Сонда жеңіліп қалған тарап бұл жерде сот емес, өзінің кінәлі екенін түсінгенін білдіріп жатады.

Демек, сот шешімі бойынша жеңіліп қалған тараптың өзі түсінген соң ешқандай қарсылық қабылдамайды, сот шешімімен келіседі. Сонымен қатар сот шешімін түсіндіру кезінде тараптарға сұрақ қоюға мүмкіндік беріледі.

Азаматтық істер бойынша іс жүргізу кезінде азаматтық процестік қатысатын тұлғаның ар-намысын қорғайтын немесе қадір-қасиетін кемсітетін, іскерлік беделін кемітетін әрекеттерге тыйым салынады. Әрбір істі кәсіби түрде түсіндірудің нәтижесінде шағым түсетін істердің саны, сондай-ақ азаматтардың сотқа деген сенімі нығаяды.

С.АМАНТАЕВ, Жалағаш аудандық Сотының судьясы

Бақұл бол, ардақты дос



Қамшының сабындай қысқа өмірде ешкім де мәңгілік емес. Басқа түскен сынаққа сабыр қыларсың-ау, бақ мектеп қабырғасында бірге білім алып, сол шақтан достық қарым-қатынас орнатқан сырлас жаннан айырылған жаман. Осындай сырлас, достыққа бөрік жолдасымның бірі де бірегейі Фарифолла Убжаров еді. Өткен жылы Фарифолла досымыз да мәңгілік мекеніне аттанып кете барды. Сыныптасымз тірі болғанда был 26 қаңтарда 50 жасын тойлайтын едік. Бұл да сынақ. Оған сабыр қылмасқа пенде шіркінде шара болып па?! Ендігі жерде Фарифолла хақында өткен шақпен естеліктер айту жанымызға батады. Көзге көрінген, өсіп-өнген ұл-қыздарына қарап, «Орында бар оңалар» деп тәубе дейміз.

Фарифулла Убжаров 1973 жылы 26 қаңтарда Жалағаш ауданында дүниеге келген. Сол кездегі аудан орталығындағы №31 орыс мектебінің табалдырығын аттап, 1989-1990 жылдары Жалағаштағы қазіргі Жалағаш индустриалды аграрлық колледжінде білім алып, «Трактор-машинист» мамандығын алып шықты. Сыныптас досымыз кейін құрылыс саласында да қажырлы еңбек етті.

Ол көшіп еді, достыққа адал болатын, мейлінше мына қоғамға пайдам тисе деген максатпен гүмбір көшті. Кейінгі буынға мағмызды өмірімен үлгі-өнеге қалдырды. Жалпы сыныптас досымның бойындағы қадір-қасиетін тізе берсек, тарқатып жазар дүние көп. Аулы жары Ақсауеу екен ұл-қыздарына бағдаршам болды. Балаларының қызығын көрер шағында мына жалғанмен қош айттысты. Фарифолла досымызды сағынышпен еске алып, рухына құран бағыштаймыз, бақұл бол, ардақты дос.

Керек дейміз кейде бұлай жасымау, Моңғи емесің, өмір жалған осынау, Жұмақ болып мәңгі мен өзше, Жатқан жерің жайлы болсын, досым-ау.

Еске алушылар сыныптас достары

Жүз күн өтті өзіңсіз



Қамшының сабындай қысқа өмірде ешкім де мәңгілік емес. Отбасының тірегі, балаларының бағдаршамы, асқар тау әкеміз Газиз Ержановтың да бақилық болғанын бері жүз күн өте шығыпты. Бұл да сынақ, өрине. Ал оған сабыр қылмасқа бізде шара жоқ. Тек өкемізді сағынышпен еске алып, рухына құран бағыштаймыз. Ержанов Газиз Төлеубайұлы 1937 жылы 25 қаңтарда Қостанай облысының Аманкелді ауданында дүниеге келген. Алғаш еңбек жолын Сыр бойында бастап, кейін түрлі салада басшылық қызметте абырлығы еңбек еткен. Асқар тау әкеміз ауданның өлеуметтік-экономикалық дамуына мол үлес қосты. Осы жолдағы қажырлы еңбегін ескерген аудан жұрты оған Жалағаш ауданының Құрметті азаматы деген атақ берді. Оның елеулі еңбегі ескеруісіз қалмады, мұнан бөлек қаншама алғыс хаттармен, төсбелгілермен, медалдармен марапатталды. Ал оның түбін түртсең, өкеміздің бойындағы үлкен еңбек пен қажыр-қайрат, қабілеттің сеп болғанын аңғарамыз. Сол үшін де асқар тау әкемізді мақтан тұтамыз.

2022 жылдың 19 қазаны Ержановтар әулеті үшін ауыр күн болды. Дәл осы күні отбасымыздың тірегі бақилық болды. Бұл сынаққа сол күннен бері сабыр қылып келеміз. Қолымыздан келетіні, тек өкеміздің рухына құран бағыштап, сағынышпен еске аламыз. Әкеміз тірі болғанда 25 қаңтарда 86 жасқа толар еді. Жатқан жеріңіз жайлы, топырағыңыз торқа, иманыңыз жолдас болсын, жан өке.

Әкені асқар тауға теңер барлық ұлт, Алған төлім бойда тұрар жаңғырып, Жатқан жерің жайлы болсын, жан өке, Жадымызда сақталасың мәңгілік.

Еске алушылар жұбайы, қыздары мен күйеу баласы

“Жалағаш ауданының қоғамдық даму бөлімі” коммуналдық мемлекеттік мекемесінде бөлім басшысының 2023 жылдың I тоқсанында азаматтарды және заңды тұлғалардың өкілдерін, оның ішінде осы мекеменің қызметкерлерін жеке қабылдау кестесі

Table with 5 columns: P/c, Жеке қабылдауды жүргізетін адамның (тегі, аты, әкесінің аты), Жеке қабылдауды жүргізетін адамның лауазымы, Жеке қабылдау күні мен уақыты, Мемлекеттік органның орналасқан жері, Байланыс телефоны

Аққыр ауылдық округі әкімінің азаматтарды және заңды тұлғалардың өкілдерін, оның ішінде осы мекеменің қызметкерлерін жеке қабылдауды жүргізу кестесі

Table with 7 columns: №, Елді мекен атауы, Азаматтарды жеке қабылдауды жүргізетін лауазымды адамның Т.А.Ж, Азаматтарды қабылдауды жүргізетін адамның лауазымы, Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты, Мемлекеттік мекеменің орналасқан жері, Байланыс телефоны

Кеңес

# Жастардың талап-тілегін тыңдады



Жалағашта мемлекеттік жастар саясаты өз деңгейінде жүзеге асып жатыр. Оған жастардың мәдени, рухани, спорттық және басқа да шараларға көптеп тартылуы толық дәлел болары анық. Оның үстіне соңғы жылдары жалағаштық жастар кез келген үлкен деңгейдегі додаларда топ жарып, аудан мерейін үстем етуде. Бір сөзбен айтқанда, атқарылған жұмыста жүйе бар. Десе де бұл «аудан жастарын толғандырған ешқандай мәселе жоқ» дегенді білдірмейді. Ауылдық елді мекендерде болсын, аудан орталығында болсын кәсіп ашқысы келетін, алайда ол талабына қаржы тапшылығы қолбайлау болып жүрген жастар да болуы мүмкін. Қолында дипломы бола тұра немесе кез келген істі үйлестіруге қабілетті басым жастардың да арамдызда жүруі бек мүмкін. Мұндай жастардың мақсат-мұратын орындаудың амалы бар ма, жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейін қайтсек төмендете аламыз? Осы және аудан жастарын толғандырған басқа да сауалдардың «Аманат» партиясы аудандық филиалында өткен басқосуда түйіні тарқатылды.

Жастар ресурстық орталығы мен партияның аудандық филиалы ұйымдастырған жиынға тек кент жастары келген жоқ. Басқосуда ауылдық елді мекендерден келген жастар да төбе көрсетіп, өз ойларын ортаға салды. Алдымен партияның аудандық филиалының атқарушы хатшысы Қаншагул Мұстафаева кездесудің маңыздылығына тоқталып, қандай уақытта болсын жастарды қолдауға дайын екенін жеткізді. Мұнан кейін орталық директоры Нұржан Амандық жастардың жарқын жобаларын қолдауға негізделген

бірқатар бағдарламаларды және оның көмегіне жүгіну жолдарын кеңінен тарқатып, кезек қатысушылардың ұсыныс-пікіріне берілді. – Біз жастарды қолдауға қашанда дайынбыз. Бүгінгі жиынның да негізгі мақсаты – жастарды қолдау, араларыңызда толғандырған мәселе болса, ортаға салып, оның шешіміне жауап іздеу. Алдағы уақытта дәл осындай басқосударды жиі ұйымдастыру ойымызда бар. Себебі бір кездесумен барлық мәселе шешімін таппайды. Тіпті ауылдық елді мекендерді де аралап, келесіде көшпелі жиын ұйым-

дастыруға болады. Толғандырған мәселе болса, ортаға салыңыздар. Шешімін білсек, айтайық, егер қолымыздан келсе, жауапты мекемелердің назарына салайық. Мемлекеттің келешегі де сіздерсіздер. Егемен елдің ертеңі сіздердің қолдарыңызда. Сондықтан біз, аға буын қашанда жастарды қолдап, қажет деп талса, ақылмызды айтып, бағыт беруге дайынбыз, – деді Қаншагул Шоңмурынқызы. Партияның атқарушы хатшысына алып-қосармыз жоқ. Расында бір ғана кездесумен жастар арасындағы мәселелер толық шешімін таппайды.

Сондықтан олардың басын қосып, үніне жиі құлақ түрудің артығы жоқ. Бүгінгі жиынға кейбір жастардың еш дайындықсыз келгені анық байқалады. Соның өзінде жастарды толғандырған біршама мәселе айтылып, кейінгі буын көңесіп пішкен тонның келте болмайтынына кез жеткізді. Нұржан Раисұлының сөзіне сүйенсек, былтыр жалағаштық жастар бірнеше мемлекеттік грант ұтып алып, ауданда жарқын жобаларды жүзеге асырған. Бастысы, олардың басым бөлігі бүгінде аудан халқының қажетіне жарап тұр.

Был да жастардың жобасын қолдауға бағытталған мемлекеттік гранттар үлестірілетін көрінеді. Осы ретте орталық директоры ойда жүрген жоспар болса, мейлінше сүйемелдеуге жұмыс жасайтынын жеткізді.

Жалпы жастар ресурстық орталығының мемлекеттік жастар саясатын жүзеге асыруда атқарып жатқан жұмысында жүйе бар. Әрбір жылды табысты аяқтауды дәстүрге айналдырған олар осыған дейін үлкен деңгейдегі додаларға аудан жастарын жұмылдырып, Жалағаштың мерейін үстем етуде. Оған өзіміз де талай куә болғанбыз.

Аудан жастары спорттық, білім, мәдени, рухани, қайырымдылық сынды шаралардан шет қалмай, қай уақытта да өңірдің өркендеуіне еңбек етуде. Кешегідей «тәжәжал» тығырыққа тіреген тұста қауіпсіздік ережелерін сақтаудың маңыздылығын қоғамдық орындарды аралап, түсіндірме жұмыстарын жүргізген кім? Жастар. Сол тұста өздері қаражат жинап, тегін беттерде үлестірген кім? Жастар. Өздері ұйымдасып, қаражат жинап, жалғызбасты анаға баспана кілтін табыстаған кім? Тағы да жастар. Жалпы аудан жастарының бастамасымен жүзеге асқан игі шаралар ләгі тізе берсек, мұнымен шектелмейді. Ал боламын деген баланың бетін қақпай, белін буатын ел ағаларының мұндай жастарды қашанда қолдайтыны тағы да анық.

Жалпы аудан жастары кез келген мәселеге қатысты кез келген тығырықтан шығатын жол іздейді және оны мақсатты жүзеге асырып та жатыр. Бір сөзбен айтқанда, аудан жастары барлық салада серпін қалыптастыруда өзіндік және оны мақсатты жүзеге келді. Ендігі жерде жастардың кәсіпке ден қоюына мейлінше жағдай жасап, олардың арасында

жұмыссыздық деңгейін төмендету міндеті тұр. Кешегі келеті кеңесте осы жұмыссыздық мәселесі де жастардың ұсынысына арқау болды. Мәселен, көсіппен айналысуды көздейтін аудан жастары жоқ емес. Десе де олардың арасында мұндай азаматтарды қолдайтын қандай мемлекеттік бағдарламалар бар? Мұны білмейтіндер бар болуы шындық. Бұйыртыса, алдағы уақытта кәсіп ашуды көздейтін жастарды қолдауға негізделген бағдарлама жасауға негізделген бағдарлама жастарға жарқын жобаларды жүзеге асыруға төмен пайызбен несие бөріледі. Мұны алуға ынталы азаматтар да бар болып шықты.

Айта кетейік, 2018 жылдан бері Жалағаш ауданы әкімінің кубогына арналған футбол турнир ұйымдастырылып келеді. Дәстүрлі шара жастардың спортқа деген қызығушылығын еселепті. Өкініштісі, был қаражат қолбайлау болып, турнир тоқтатылған. Басқосуда жастар осы мәселенің шешімі болса деген ұсыныстарын да ортаға салды. Сөздеріне сүйенсек, жол шығынын қатысушылар өздері көтереді. Тіпті сырттан келетін төрешілердің де жол шығыны мен қызметіне бөлек қаражат жинайтын көрінеді. Олардың ел ағаларына жалғыз өтініші бар. Тек жұлде мен аудан әкімінің кубогына қаржылай қолдау болса дейді. Үйлестіретін азамат табылса, бұл мәселені жергілікті кәсіпкерлермен де шешіп тастауға болатын сияқты.

Басқосуда мұнан өзге де талап-тілектер ортаға салынды. Әрқайсысын партияның атқарушы хатшысы түртіп алды, тіпті оның бәрін алдағы уақытта жауапты мекемелермен кеңесіп, шешіміне жұмыс жасайтынын жеткізді.

Ерлан СОЗАҚБАЕВ

## Азғындықты жақтау да – азғындық

Жуырда бейнебақылау камерасына түсіп қалған жеделсатыдағы жағдай жұртты тағы да дүрліктірді. Бұл тақырып аз жазылып жүрген жоқ. Медицина адам бойындағы гармондардың бұзылысынан деді, ал былайғы жұрт қазақты тәрбие алмаудың ақырында болатын азғындық деді. Енді біреулер бұл масқараны демократиялы мемлекеттерде болатын қалыпты жағдай деп қабылдады және қызтекелерге тиісу, қудалау, тіпті кінәлаудың өзі адам құқығына қол сұғу деп көкіді. Көгер көз түгіл, естір құлаққа ауыр тиетін сол жиіркенішті көрініс әлеуметтік желілерде желдей есті. Жұрт жабыла түрлі пікір жазды. Көбі күйінді, көбі қылжақтады. Сонымен бұл тақырып та ескірді.



Иә, бұл жағдай елімізде алғаш рет болып отырған жоқ. Жылдар бойы еліміздегі ЛГБТ-ның жүргізген жымсық саясаты жүзеге асып, хаюанға ғана тән азғындық әрекеттері жемісін бере бастады. Еуропаның қазаққа жат өмір сүру салты жұртымыздың бойына жұққалы біраз болды. Соның бірі – қосжынысты неке. Бұл – азғындықтың шыңы. Елімізді тоздырып, жерімізді аздыру мақсатында ұлтқа жасалып отырған қастандық. Бірақ оған біз өлі де самарқау қарап келе жатырмыз. Бұл өте қорқынышты және қауіпті.

Бала күнімізде әжелеріміз біреуге қатты нала болғанда «Құдай атсын, жер жұтсын» деп қарғап жататын. Бала болған соң ол кезде онша мән бермеуші едік. Есейе келе мәнін түсіндік. Лұт пайғамбар өмір сүрген уақытта бір халық түгелдей жер бетінен жоғалып кетіпті. Азғындалған халықты Құдай атып, жер жұтқан. Құдай оларға аспаннан тас жаудырып, қырып салды. Сөйтіп Лұт қауымы жер бетінен жойылды. Абдулла ибн Аббастың бізге жеткен руаятында: «Пайғамбарымыз әйелге ұқсағаны келген еркектерге және еркектерге ұқсағаны келген әйелдерге лағынет айтып» дейді. Сол лағынеті Лұт қауымының үстіне аспаннан тас болып түсіп, басып қалды.

Осындай бір қауымның Алланың қаһарына ұшырауы бізге сабақ болса игі еді. Бірақ ол да ой салмады, қорқыта

алмады. Күннен-күнге адамзат моральдық тұрғыдан азғындалып бара жатыр. ЛГБТ да біздің ұлттық иммунитетіміздің әлсірегенін оңтайлы пайдаланып, теріс пиғылдарын іске асыруға тырысып бағуда. Нәтижесінде ер балалар сызылып, қылымсып, қыз балалар қатыгезденіп барады. Бір-бірін қанжоса етіп сабаған қыздар, бір-бірімен аймаласқан ер балалар. Бұрын ондайлар тек гей-клубтарда ғана жүретін болса, қазір көшеде де ашықтан-ашық әрекетке көшкен. Кешегі жеделсаты ішіндегі жағдай соның дәлелі. Сосын бұрынғы көпшілік ондай азғындарға жиіркенішпен қарайтын болса, қазірде көз де үйренген. Қалыпты жағдай секілді қабылдайтын болған. Ең қорқыныштысы да осы болып тұр.

Қазақстан – зайырлы, демократиялы мемлекет. Бірақ демократия адамзатты азғындыққа апармауы тиіс. Адамның Құдай жаратқан табиғатына өзі қарсы шыққанда тіршіліктің ырғағы бұзылады.

Бұрын жамандықты естіген бабаларымыз «мал құлағы саңырау» деуші еді. Қазір қоғамда қызтекелер ашық жарнамалана бастады. Тіпті миллиондаған көрермені бар эфирлерде таңнан кешке дейін солардың жеке өмірлері талқыланып жүр. Телеарналар да азғындаған нәмелерді түрлі бағдарламалар мен сұхбаттарға шақырып, өз төрін былғап жүр және ол әлеуметтік желілер мен ютуб

арналары арқылы мыңдаған жастың санасына құйылып, ұлап жатыр. Оған жеткіңшектер кәнілі емес, насихат жүргізіп отырған біз жауаптымыз.

Қазақтың бала тәрбиесіне мән беруінің астарында ұрпағының келешегі жатыр. Бабаларымыздың бала тәрбиесін бесіктен тіпті құрсақтан бастауы да осындай қасіреттің алдын алуға да амалы. Мәселен, қыз бала ашық-шашық жүрмесін деп шалбар киішпелі, ұзынетекті көйлек киізіпті шешелеріміз. Көйлек киген қыз етегін қымтап, жинақы отырғанды ұйғарды. Сол секілді үйде әке-шешесі қыз баланың басынан сипап еркелетіпті. Шашынан сипағанда қыздың басы төмен иіледі. Бұл қыз баланың бөтен адамның, әсіресе ер адамның жүзіне бақшып тұра қарамауға қалыптастырады. Біріншіден, бұл қарақөздеріміз үшін әдеп, екіншіден, өзінің табиғи қалпын сақтап, еркекшора, шолжаң болып өсуден тияды. Сол секілді ер баланы кішкентайынан арқасынан қағып отырған. Арқасынан қаққан баланың тұлғасы тіктеліп, кісіге тура қарауға дағдыланған және сол мінезбен бірге баланың бойында батылдық пайда болған. Алты жасқа келіп, ат жалын тартып мінген балаға «Сен азамат болдың» деп оны марқайтып, бәсіреге тай атап және оның құйрық-жалын күзеп, күтіп-баптау жауапкершілігін жүктеп, түздің жұмысына бейімдепті. «Ұлың жұлқынып өлсің, қызың тұңшығып өлсін» деген қазақ ұлының

ынжық, өз немесе қызының алдыр-салдыр еркекшора болып өсуінен қорқыпты. Сондықтан да ұрпағы өз жанысын сақтау үшін еке ұлына, шеше қызына өздерінің жаратылыстағы мінезі арқылы үлгі, өнеге болыпты. Бұны қазақ «Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер» деп түйіндей салған. Қазақ қоғамында қашаннан ер мен әйелдің айырмашылығы жер мен көктей. Қандай жағдайда да әйел ер адамнан бір саты төмен тұрған. Бұл әйел затын кемсіту емес, керісінше нәзік жаратылыс иесі ретінде тіршіліктің ауырталықтарынан қорғау, құрметтеу. Қыз баланы қадірлеп, әйелді сыйлаудан қазақ халқының алдына өлі ешкім түскен жоқ.

Бірнеше күннен бері депутаттар қоғамдық орындарда бейдеп сөз айтқандарға 69 мың теңге мөлшерінде айыппұл салатын заңды талқылап жатыр деп қоғам дүрлігуде. Дұрыс, ол да қоғамдық тәртіпті сақтаудың талабы. Алайда жеделсатыда бір-бірімен аймаласқан қосжыныстыларға да қоғамдық орында азғындық әрекет жасағандары үшін айыппұл салатын, тіпті одан да ауыр жазаға тартатын арнайы заң қабылданып тиіс. Тағы да айтайық, демократия – қосжыныстылардың құқығын қорғау емес, адами құндылықтарды қорғау...

Қуат АДИС

Сапар

Осы аптада облыстық төтенше жағдайлар департаменті басшысының орынбасары, подполковник Бекболат Әбдіқадыров Жалағаш ауданына арнайы іс-сапармен келді. Сапар аясында департамент басшысының орынбасары тиісті сала басшыларымен бірге аудан аумағындағы қорғаныс бөгеттерін аралады.

## Дария деңгейі бақылауда



Айта кетейік, Жалағаш ауданы территориясынан Сырдария өзенінің 84,5 шақырымы өтеді, оның бойында барлығы 96,5 шақырым қорғаныс бөгеттері орналасқан. Оның ішінде оң жағалауында – 56 шақырым, сол жағалауында – 40,5 шақырым. Сонымен қатар Қараөзек арнасының 48 шақырымы өтіп, онда 8,3 шақырым қорғаныс бөгеттері бар.

Қорғаныс бөгеттері Жалағаш кентінің Дәуімбай уәдесі, Ақсу, М.Шәменов, Таң және Қаракеткен ауылдық округіне қарасты Далдабай елді мекендерін мол судан қорғау үшін салынған. Осы қорғаныс бөгеттері зерттеліп, қыс айларында мұз кептелісі орын алатын 13 уәдесіне белгіленген.

Су басу аймағында шамамен 70 000 гектар жер болса, оның ішінде 5 300 гектар ауыл шаруашылық жерлері, 100 шақырым электр және байланыс желілері, 50 шақырым темір жол, 50 шақырым автокөлік жолдары орналасқан. Су басу қаупі бар учаскелерден тұрғындарды көшіру мақсатында 5 эвакуациялық жинақтау, 15 эвакуациялық қабылдау бекетінің орындары бекітілген.

Сырдария өзенімен мол су, сең жүру қаупінің алдын алу мақсатында өзен бойында кезекшілік кестесі бекітіліп, төтенше жағдайлар туындағанда бірінші кезекте жұмылдырылатын техникалар нақтыланған. Төтенше жағдайлардың алдын алуға, су басу қаупі болған жағдайда жоспарлы әрекет жасайтын барлығы 60 техника, 239 адам жұмылдырылады. Бүгінге дейін Сырдария өзеніндегі мұз толығымен ұстасып тұр. Мұздың қалыңдығы – 30-40 см. Су алу қаупі жоқ.

«ЖЖ» ақпарат

Меншік иесі: **СЫР МЕДИА** жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор **Аманжол ОҒАРБАЕВ**  
Жалағаш аудандық «Жалағаш жаршысы» газетінің редакциясы  
Бас редактор **Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ**

Телефондар: **Бас директор - 8(7242) 70-00-36**  
**Бас редактор - 32-0-41**  
Бас редактордың орынбасары, жауапты хатшы, бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрілігінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркелді, №17662-Г куәлігі берілген.  
“Жалағаш жаршысы” аудандық газеті ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) “Сапа менеджменті жүйелері” талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірмен сертифицирталған.  
*Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.*  
Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.  
Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді.  
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.  
Тел.: 8(7242) 40-06-68.  
Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 немесе 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 3097 Тапсырғы № 81